

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Беген ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 4 "Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округінің Беген ауылында және Беген орман шаруашылығында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 қыркүйекте № 24345 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабына сәйкес, " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 28 маусымдағы № 201 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдар арасынан бруцеллез ауруын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округінің Беген ауылындағы және Беген орман шаруашылығының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Беген ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 4 "Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі Беген ауылында және Беген орман шаруашылығында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК